

Әкімдіктің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 397 "2014 жылға жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қазандағы № 268 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 қарашада № 5147 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабы 5) тармақшасына, 20 бабы 1, 5-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысымен бекітілген, Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 6, 8, 9 тармақтарына сәйкес Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 397 "2014 жылға жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4411 болып тіркелген, 2014 жылғы 13 ақпанда "Наше время" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген "Денисов ауданы бойынша 2014 жылға жұмыссыздар үшін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері және нақты жағдайлары" қосымшасында:

мемлекеттік тілдегі "жұмыстардың түрлері" бағанасында 1 тармақта "Крымское" деген сөз "Қырым" деген сөзбен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасарының міндетін атқарушы **Б.С.Смадияровқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Жаманов